

Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-нің 2023 жылғы комплаенс-қызметінің жұмысы туралы есеп

Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ (бұдан әрі – «Балалар үйі») сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде 2023 жылы мынадай іс-шаралар жүргізілді:

1. 13.03.2023 жылғы №212-н сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін құру туралы бұйрығына сәйкес, Балалар үйі комплаенс қызметінің өкілі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында, жүйелі түрде мониторинг жүргізіп, балалар үйінің нормативтік құжаттарына (лауазымдық нұсқаулықтар, тәртіптік комиссия туралы ереже, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар, мекеме басшысының бұйрықтарына) өзгерістер мен толықтырулар енгізді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қызметкерлерді ақпараттандыру, кеңес беру және оқытулар жүргізілді.
2. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін мекемеде:** - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы кәсіпорынның қолданыстағы нормативтік актілері, оларды сақтамағаны үшін жауапкершілік шаралары туралы барлық қызметкерлерді қол қойғыза отырып таныстыру, - жаңадан қабылданатын және жұмысында ұзақ үзілісі бар (бала күтімі бойынша демалыс) қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңнамамен және мекеменің жергілікті актілерімен таныстыру.
3. 2023 жыл ішінде балалар үйінің қызметкерлерімен ұйымдастырушылық түсіндіру шараларының кешені, әдеп және қызметтік мінез-құлық нормаларын сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістер бойынша ұйымдастырушылық түсіндіру шараларының кешені жүзеге асырылды.
4. **Мекеменің интернет-ресурсында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімінде келесі ақпарат орналастырылды:** - Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты; - Мекемедегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау; - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ережені сақтау – Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ қызметі; - квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл институтын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар; - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық; - сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы туралы есеп (анықтама); - сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат; - Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысын реттеу ережелері; - Іскерлік этика кодексімен танысу туралы хаттама; - «Мамандандырылған балалар үйі» КММ жасалған шарттар бойынша жеткізілетін (орындалған, көрсетілген) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді қабылдау жөніндегі қабылдау комиссиясы туралы ереже; - сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша азаматтардың хабарласуы үшін «сенім телефоны» туралы ақпарат; - Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет үшін жауапкершілікті жүктеу туралы 13.01.2023ж. №47-н бұйрығы; 13.03.2023ж. №212-н сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін құру туралы бұйрығы; - «Іскерлік этика кодексін енгізу туралы» 18.05.2023ж. № 330-н бұйрығы; - 18.05.2023ж. № 336-н «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі нұсқаулықты сақтау туралы» бұйрығы; - 18.05.2023ж. № 331 «Тауарларды,

жұмыстарды, қызметтерді қабылдау жөніндегі қабылдау комиссиясын құру туралы» бұйрығы; - 12.05.2023ж. № 320-н «Меморандум бойынша жауапкершілік туралы» бұйрығы; - Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысын реттеу қағидаларын бекіту туралы 03.07.2023 № 426-н бұйрығы; - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бекіту туралы 03.07.2023ж. № 427-н бұйрығы; - Іскерлік этика кодексімен танысу туралы хаттама; - Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс – қимыл бойынша Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ қызметкерлерін оқыту жөніндегі 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары; - Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ заң қызметінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспары.

5. Тоқсан сайын мемлекеттік сатып алу порталында жасалған шарттардың орындалуына бақылау жүргізілді, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілердің өз міндеттемелерін орындамау тәуекелдерін барынша азайту, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында көрсетілген шарттардың орындалуына мониторинг жүргізілді.

6. Тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында, оның ішінде медициналық және медициналық емес қызметкерлердің сыйлықтар алуға қатысты белгіленген тыйымдардың, шектеулер мен талаптардың сақталуына бақылау жүргізілді. 2023 жылы сыйлықтар алу фактілері анықталған жоқ.

Заңгер: **Б.Қ. Габдуллин**
15.08.2023ж.